



## Жаттықтырушылық практика

# ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ

### Қысқаша сипаттама:

Білім алушылардың жаттықтырушы практикасы дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы оқу-жаттығу және педагогикалық қызмет саласында базалық кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға және бекітуге бағытталған.

### Практика мақсаты

Білім алушылардың тәжірибелік дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, атап айтқанда оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, спортпен шұғылданушылардың спорттық даярлығына қатысу, сондай-ақ тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен жаттықтырушы (нұсқаушы) функцияларын орындау.

### Практика міндеттері

- Спорт ұйымдарының құрылымы мен қызметімен танысу.
- Оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру және жаттықтырушының функцияларын зерделеу.
- Оқу-жаттығу сабақтарын дайындауға және өткізуге қатысу.
- Жаттығу процесін жоспарлаудың бастапқы әдістерін меңгеру.
- Білім алушылармен және спортшылармен педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

### Оқудың күтілетін нәтижелері

Білім:

- Дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудің негіздері.
- Спорттық жаттығудың базалық теориялық негіздері.

Шұғылданушылардың жас ерекшеліктері мен жеке даралық қасиеттері.

Дағдылар:

- Оқу-жаттығу сабағының жекелеген бөлімдерін жоспарлау және өткізу.
- Дене дайындығының базалық құралдары мен әдістерін қолдану.
- Шұғылданушылардың жаттығуларды орындауын ұйымдастыру және бақылау.

Қабілеттер:

- Жаттықтырушы-тәлімгердің жетекшілігімен оқу-жаттығу сабақтарын өткізу.
- Оқу-жаттығу құжаттамасын жүргізу (қатысу журналы, сабақ жоспарлары, есептер).
- Шұғылданушылармен тиімді педагогикалық және коммуникативтік өзара әрекеттесу.
- Кәсіби қызмет нәтижелері үшін өзін-өзі ұйымдастыру және жауапкершілік дағдылары.